

Бекітемін:

ЖШС «Балым» мектепке

дейінгі шағын орталық

меңгерушісі

А. Корабаева



ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталық

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР

2023-2024 оқу жылының

№1 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 6

12.09.2023ж.

Күн тәртібінде:

1. Перспективалық жоспарды жасауға кеңес беру
2. Мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, әдістемелік сүйемелдеу
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама өзгерістерді таныстыру.
4. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жайында түсінік беру және өткізілу мерзімдерін бекіту.
5. Әртүрлі мәселелер

1. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Корабаева сөз алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптарды талқылау;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес

- балалардың жасына мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру салаларының

мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырылады. Мысалы, «Сөйлеу дамыту» ұйымдастырылған оқу әрекетін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде педагог балалардың ауызекі сөйлеуін дамытады, сөздік қорды толықтырады, санауға, би қимылдарын қолданып, музыканың сүйемелдеуімен жаттығулар орындауға үйретеді. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың танымдық белсенділігін дамытуға және қоршаған ортаны тұтас қабылдауға ықпал етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жасау керек.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ас ішу, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;
- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық ұстанымын сақтау;
- Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістерді қолдану;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

2. Тыңдалды екінші мәселе мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, ұйымдастыру тақырыбы бойынша сөз кезегін А. Корабаева алды. Биылғы оқу жылының қыркүйек айында өткізілетін мониторинг былтырғы жылдың мониторингінен айырмашылық мүлдем жоқ. Білім басқармасынан келген хатына сәйкес мониторинг уақытылы өткізіліп, қорытындысы жіберілуі қажет. Сіздерге қысқаша мониторингті өткізудің мақсаты жайында айтып өтейін.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап, республиканың мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарындағы балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің

бірінғай жүйесі енгізілді. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын балалармен жұмыс істейтін педагогтар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізеді. Топтың Бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша жинақ есепті құрастыру үшін әдіскерге береді -деп толық тоқталып өтті.

3. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері қызметкерлерге «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы* және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама өзгерістермен таныстырып шықты.

4. Тыңдалды: «Балабақшада ойын технологияларды пайдалану отырып таным процестерін дамыту» тақырыбы бойынша сөз бастайын. «Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады».

Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады, -деп толықтай баяндамасын оқып шықты. «Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жайында түсінік берді. Биылғы 2023-2024 оқу жылына барлық тәрбиешілер жыл бойына өткізетін ашық іс-әрекеттерінің тақырыптарын өткізді. Яғни, біздің ашық іс-әрекеттер 2023 жылдың қараша

айынан басталып, оқу жылының соңына дейін жалғасын табуда. Олар: МАД тобының тәрбиешісі: «Поездбен саяхатқа барамыз», «Дауысты дыбыстар», ал ересек топта «Менің кішкентай достарым», «Мамандықтың бары жақсы», ал ортаңғы топта «Үй жануарлар» және «Геометриялық пішіндер. Дөңгелек іздейміз» және қорытынды ашық іс-әрекеттерді өткізуді жоспарлап отырмыз, -деп сөзін аяқтады.

5. Тыңдалды: Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскерге сұрақтар қойылды.

- Биылғы оқу жылында Өрлеу БАҰО курстар болады ма? Және олардың төлем ақылары қанша,- деп Д.Асабаева сұрақ қойды.

- Әрине, Өрлеудің курстар болып жатыр. Биылғы оқу жылында оқу керек тәрбиешілерді тізімге қосып, Өрлеу БАҰО бастығы Л.Искакованың атынан сұраныс жібереміз. Төлем ақысы және болатын күнін анықтап, хабарын беремін,- деп әдіскер А.Корабаева жауап берді.

- Басқа сұрақтарын болмаса осымен әдістемелік кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

1. «Балабақшада ойын технологияларды пайдалану отырып таным процестерін дамыту» бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмыстары жалғастырылсын.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізіліп, әдіскердің жинағы жасалынсын.
5. Ашық іс-әрекеттер арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жайында түсінік беру және өткізілу мерзімдерін бекітілді, өткізілсін.
6. Әртүрлі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Әдіскер:

А.Корабаева

№2 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 6

12.10.2023ж.

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету
2. Әртүрлі мәселелер

1. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер А.Корабаева алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51 бабының 5- тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігі, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті» -делінген.

Мұғалім еңбегі жоғары деңгейдегі ұтқырлығымен, күрделілігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді, бұл оның терең және кәсіптік білімінің, білік-дағдыларының болуын қажет етеді. Өзіндік білім алудың шеңберінен тыс мұғалімнің тұлғалық және кәсіптік дамуы мүмкін емес.

Қазіргі Қазақстандағы білім жетілдірудің түрі көп. Мұғалімдері үнемі үздіксіз білім жетілдіруге барлық жағдай жасалған.

Білім беру процесін ақпараттандыру, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдермен қамтамасыз ету, мұғалімдердің жеке және қауымдастықтар арқылы білім жетілдіруіне бар мүмкіншілік жасалған,- деп толық тоқталып өтті.

Сонымен бірге, педагогтардың таңдаған өзіндік білім көтеру тақырыптарына тоқталатын болсам, өзіндік білім көтеру тақырыптарын үш жылға немесе бес жылға аласыздар. Сол тақырып аясында әр жылы балалармен, ата-аналармен кеңейтілген жұмыс жасап, өздеріңіздің кәсіби біліктіліктеріңізді жан-жақты жетілдіріп отырасыздар. Биыл бір тақырып алып, оны аяқтамай келесі жылы басқа тақырып алуға болмайды. Өйткені алған тақырыптарыңыздың нәтижесіне жетулеріңіз керек. Ол жылдан-жылға балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлғайып, соңында бір нәтижеге жетулеріңіз керек.

Портфолио-бұл педагогтың өздігінен білім көтеруде жинақталған құжаттары және оны өзінің кәсіби іс-әрекет нәтижелеріне баға беруі мен саналы түрде ұғынуында пайдалануы. Педагог портфолиосы жеке кәсіби жетістіктерін,

тәрбиеленушілерді оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы нәтижелерін, педагогтың білім беру саласына қосқан үлестерін біріктіретін жеке папкасы болып табылады. Портфолио педагогке тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлығын бағалауға және өз жұмысына салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, сіздерде әр жылы портфолиоларыңызды толықтырып, жинақтап отыру арқылы өз-өздеріңізге баға беріп отырасыздар. Сол арқылы, келешекте жасалынатын жұмыстарыңызды жоспарлап алуға мүмкіндік береді. Портфолиоларыңызды реттеп, дайындап қойыңыздар.

Шешім:

1. Педагогтер аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық жасасын.

Әдіскер:



А.Корабаева